



Автор: Мейрманова Нагима Битимбаевна
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 3-сынып
Бөлім: Жанды табиғат
Тақырып: Тіл және сөйлеу.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру; 3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау; 3.1.1.1 тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру; 3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету.
Сабақтың мақсаты:	• Тыңдалған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріп, мәтінде жалпы не туралы айтылғанын түсінеді. Оқушылардың көбі жасай алады:
Бағалау критерийлері:	. Бағдарлау-мотивациялық кезең (5 минут)
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Пәнаралық байланыс:	әдебиеттік оқу, дүниетану
Бастапқы білім:	Тіл және сөйлеу тақырыбына негізделіп меңгертіледі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	(Ұ) Шаттық шеңбері: «Ыстық лебіз». Шеңберге жиналып, бір-біріне жылы лебіз, тілек айту. 2 минут (Ұ) «Тіл және сөйлеу» тақырыбына кластер жасау. Үлгі: қарым-қатынас Кластерді интерактивті тақтада толтырып, ой бөлісу. 2 минут «Ойлан – жұптас – талқыла» стратегиясы. «ББҰ» «ББҰ» кестесімен жұмыс. кестесімен Білемін Білгім келеді Үйрендім жұмыс Кестенің алғашқы екі бөлігін толтыру. Жұбымен ой бөлісіп, талқылау .	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	2 минут 3.2.3.1 (Ө, Қ) Қойылған проблемалық сұрақтың жауабын тауып, ой қорытып, кері байланыс жасау. 1-жаттығу. Өтіліп жатқантақырып төңірегінде өзіндік ой- тұжырым, қорытынды шығару. «Сөйлеуіне үшін қажет?», «Ол не арқылы жүзеге асады?» сұрақтарына сызбаның көмегімен жауап беріп, кері байланыс жасау. 2 минут (Ұ) Тілдің қызметі туралы диалог құрау. Сызбамен жұмыс жасап, сөйлемдерді толықтыру. «Толықтыр» ойыны. Тіл арқылы адам сөйлеседі. Сөйлеседі ... Тіл арқылы ... «Тіл арқылы адам тағы не істейді?» сұрағына жауап беріп, көп нүктенің орнына керекті сөздерді тауып, сөйлемді толықтырып айту. 1 минут Ой сергек! Бейнежазбадағы әуен ырғағымен билеу. 3 минут (Ж) Диалогке қатысаотырып, бір-бірімен қалай қарым- қатынасқа түскенін анықтау. Әңгімелесу барысында адамдардың бір-бірімен қарым- қатынасқа түсуі үшін тілдесетіні, сөйлесетіні белгілі болады. «Дәрігер» тақырыбы бойынша бірі – дәрігер, екіншісі науқас рөлінде диалог құрау. Сатушымен сатып алушы не арқылы қарым-қатынасқа түскенін анықтау. 4 минут 3.2.4.1 (МК; Ж; Ө; Т) Өлеңді мұқият тыңдау. Өлеңнің тақырыбымен ондағы негізгі ойды анықтау. 2-жаттығу. Өлеңді мұқият тыңдайды. Қарға, торғай сөздерінің мағынасына назар аудартылады. «Өлең нетуралы?» сұрағын қою арқылы мәтіннің тақырыбы анықталады. Өлең мазмұны бойынша кейіпкерлер мен сөздерді сәйкестендіреді. Топтық жұмыста оқулықта берілген сұрақтарды талдау арқылы өз ойларымен бөліседі. Өз ойын 3- жаттығуда берілген мәтіндегі оймен салыстырады. 3 минут 3.1.1.1 (МК; Ұ; Ө; Қ) Түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру білігін бағалау. 3-жаттығу. Мәтінді түсініп оқиды. Мәтін мазмұнымен жұмыс жүргізіледі. Оқушылардың мәтіндегі түсінбеген сөздерін белгілеу, соңғы екі сөйлем бойынша сұрақ қою Оқулық Интерактивті тақтадан тірек сызба көрсету http://balapan.kaztrk.kz https://www.google.kz/detskie_sujetnye_kartinki Оқулық Оқулық 3 минут 4 минут 4 минут 2 минут және жауап беру жұмыстары ұйымдастырылады. Оқушылардың «Сұрақтарға жауап беруде сөйлеудің қай түрін қолдандың?» деген сұрақ бойынша жауаптары тұжырымдалып, оқулықтағы сызбадан таптырылады. (МК; Ұ) Орфографиялық сөздіктен сұрақ бойынша Орфографиялық ақпарат табу, талдау жасау білігін бағалау. Сөздік Орфографиялық сөздікпен жұмыс ұйымдастырылады. Хайуанат сөзінің жазылуына назар аудартылады. Талдау жасалады. (МК; Ұ; Қ) Суреттердің көмегімен сұраққа жауап Оқулық болатын ақпаратты болжай алу білігін бағалау. 4-жаттығу. Суреттердің көмегімен сұраққа жауап болатын ақпаратты болжайды. Суреттерді сөйлеудің ауызекі және жазбаша сөйлеу түрлеріне ажыратады. 3.3.5.1 (МК; Ө; Қ) Жіберілген қателерді мұғалімнің №1 дәптермен көмегімен тауып, түзету. Жұмыс 5-жаттығу. Өлеңді жатқа жазады. Оқушылардың бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазуы қадағаланып, бағыт беріледі. Оқулықта берілген сұрақтардың дұрыс жауабын тауып, дәлелдейді. «Өз үйіне кіргіз» ойыны ойнатылады. Берілген сөздерді тиісті үйшіктермен сәйкестендіріп, ой қорыту жасайды. (МК; Т; Қ) Тіл, сөйлеу туралы суреттердің көмегімен Түрлі түсті әңгіме құрастыру. суреттері бар Мұғалімнің басшылығымен оқушылардың сыни ойлау және журналдар, коммуникативтік дағдыларын дамыту мақсатында «Коллаж флипчарт, желім әңгіме» стратегиясы топтық жұмыс түрінде жүзеге асырылады. Сипаттамасы: Мұғалім оқушыларға түрлі түсті суреттері бар журналдар береді. Олар журналдардан ұсынылған тақырыпқа сәйкес суреттерді қиып алып флипчартқа жабыстырып, әңгіме құрастырады. Мұғалім оқушыларға топтық жұмысты қорғаудың мақсаты мен қойылатын талаптарын белгілейді және қағазға түсіріп, сынып қабырғасына іліп қояды. Үлгі: • сөйлеу барысында тақырыптан ауытқымау; • берілген тақырыпқа сәйкес өз сөйлеуін қанатты сөздер, мақал-мәтелдермен нақтылау; • интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану; • сөйлеу барысында берілген уақытты сақтау. Жұмыстарын топта жариялау. (Ө; Ұ; Қ) Басқа топтардың жұмыстарымен танысу. Стикерлер Стикерлерге өз көзқарастарын жазып, постерлерге жабыстыру. «Галереяны шарлау» стратегиясы бойынша рефлексия жасау. Басқа топтың постерлерін оқиды. Оқушылар стикерлерге өз көзқарастарын жазып, постерлерге жабыстырады. 2 минут «Ойлан – жұптас – талқыла» стратегиясы. «ББҰ» «ББҰ» кестесімен жұмыс.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы	(Ө; Қ) Бұл заттардың қатысуымен сөйлеудің қандай түрі жүзеге асатынын анықтау. Оқушылар жұмыс дәптерінде берілген суреттерге қарап, сөйлеудің қай түрі жүзеге асырылғанын анықтайды. Жазбаша сөйлеу болса, көк түсті қарындашпен, ауызша болса, жасыл түсті қарындашпен бояйды.	
Рефлексия	(Ө; Қ) Бағалаудың шартты белгілеріне сәйкес өзін-өзі бағалау. Жұмыстарын топта жариялап, дәлелдеу. Сабақтан игерген білімдеріне рефлексия жасату мақсатында жұмыс дәптеріндегі «Өз жұмысыңды бағала» тапсырмасы орындалатылады. Бірінші тұрған «сауатты жазу», екінші тұрған «көркем жазу», үшінші тұрған «шығармашылық жұмыстарды орындау» дөңгелектері тиісті қарындаштармен боятылады. Нәтижелері топта жарияланады.	